

# Мерейлі жыл құтты болсын!

# ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



# УНИВЕРСИТЕТІ

№ 1 (1512)  
15 қаңтар  
2014 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



сотрудники университета были награждены орденами и медалями, а выпускник Александр Попов удостоен звания Героя Советского Союза. В военные годы в КазГУ были передислоцированы лучшие научно-исследовательские институты и лаборатории России, Украины, Белоруссии, академики и доктора наук, возглавляющие ведущие научные школы. Расширился диапазон исследований, например, на химическом факультете была сформирована научная школа военной химии, которая стала центром консультаций многих технических учреждений и воинских частей. Также в этот сложный период формировались казахстанские научные школы астрономии, физики, истории, языкознания.

После окончания войны расширилось число факультетов, увеличился набор в аспирантуру, были построены новые корпуса, организованы биостанция, биологический музей. КазГУ стал ведущим центром подготовки квалифицированных кадров для всех отраслей экономики и общественно-политической жизни республики. Передовые кафедры КазГУ возглавляли доктора наук, профессора Абикен Бектуров, Смет Кенесбаев, Сергей Покровский, Константин Персидский, и другие. Лекции читали светила казахстанской науки –

Галым МУТАНОВ, ректор Казахского национального университета имени аль-Фараби:

## ФОРПОСТ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ НОВОГО КАЗАХСТАНА

*15 января 2014 года ведущему вузу страны – Казахскому национальному университету имени аль-Фараби исполнилось 80 лет со дня его основания. За этот период КазНУ внес большой вклад в становление и развитие экономики, культуры, науки и образования Казахстана и стал оплотом высшей школы нашей страны, крупнейшей кузницей кадров во всем Центрально азиатском регионе. Высокое качество образования, международное признание, активная научно-исследовательская деятельность, инновации, сильнейший профессорско-преподавательский состав и одаренные выпускники – вот то, чем по праву может сегодня гордиться КазНУ.*

История университета – это история нашей страны. Все эти годы развитие флагамена отечественной высшей школы было неразрывно связано с важными вехами казахстанской государственности, масштабными свершениями и преобразованиями. В начале тяжелейших 30-х годов XX века, когда остро стояла проблема подготовки национальных кадров для народного хозяйства Казахстана, Совнарком СССР принял решение об организации в городе Алма-Ата Казахского Государственного университета – КазГУ. В 1934 году, 15 января был подписан приказ о профессорско-преподавательском составе и о зачислении первых 54 студентов на два факультета – физико-математический и биологический. До конца 30-х годов были открыты еще три факультета – химический, иностранных языков и филологический, организовано подготовительное отделение для казахской молодежи. В эти непростые годы во главе университета стоял его первый директор – Федот Трофимович Оликов, проявивший себя как талантливый организатор высшей школы.

В годы Великой Отечественной войны университету пришлось перейти на сокращенные программы, готовить специалистов прежде всего, для фронта – медицинских сестер, врачей, радистов-операторов, рентгенологов, переводчиков и других. Многие из ушедших на фронт преподавателей и студентов не вернулись с полей сражений. За мужество и отвагу воспитанники и

академики Мухтар Ауэзов и Каныш Сатпаев. Конечно же, огромную роль в развитии университета сыграли его ректоры – государственные и общественные деятели, выдающиеся ученые Иван Лукьянец, Толеген Тажимаев, Аскар Закарин и Темирбай Дарқанбаев. Их имена золотыми буквами навсегда вписаны в летопись КазНУ.

В 1960-1980-е годы XX века университет решал новые задачи, связанные с созданием современной и хорошо оснащенной учебно-методической, научно-исследовательской и социальной инфраструктуры вуза, укреплением его связей с международной образовательной системой. КазГУ стал готовить кадры не только для республики, но и зарубежных стран. Ученые университета проводят теоретические и экспериментальные исследования по таким узловым научным и народнохозяйственным задачам, как разработка актуальных проблем продовольственной программы страны, охрана окружающей среды и рациональное использование природных ресурсов, создание вычислительной техники и др. За всей этой сложной и многогранной работой, позволившей КазГУ оставаться флагманом образования и науки, стояли усилия профессорско-преподавательского состава, а также организаторский талант ректоров, возглавлявших в эти годы университет, – Аскара Закарина, Умирбека Джолдасбекова, Едила Ергожина.

Продолжение на 4-5 стр.

## ОҚУ САПАСЫНА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП КҮШТІ

*Бүгінгі бәсекелестік заманында университеттерге қойылар талаптардың бастысы оқу сапасын арттыру болып табылады. Білім мен ғылымның қасиетті ордасы ҚазҰУ оқытушылар қауымының мәжілісінде бұл ұстанымның үдесінен шығу жолдары үнемі қарастырылып отыратыны да сондықтан. Кезекті ректорат отырысында оқу сапасының көрсеткіші болып табылатын қысқы емтихан сессиясының қорытындылары кеңінен талқыланды.*



18-30 желтоқсан аралығында өткен қысқы емтихан сессиясының нәтижелері белгілі. Оқу-әдістемелік басқарма басшысы Асқар Құсупбекулының айтуынша, емтихандардың өту барысын қадағалауға кезекші оқытушылармен қатар, офис регистраторлар, бейне бақылау бойынша жұмысшы топ, қысқы емтихан сессиясы барысын қадағалау жөніндегі комиссия мен балама оқытушылар, сондай-ақ апелляциялық комиссия атсалысқан. Аталған топтар студент білімін әділ бағалау мақсатында жұмыла жұмыс істегенін айта отырып, бөлім басшысы тәлімгерлердің оқу үлгерімін саралады. Бакалавр, магистратура, докторантура бойынша тапсырылған емтихан санына тоқтала отырып, ол өткен жылмен салыстырғанда факультеттерде өсу барын атап өтті. Бұл ретте алтын белгі иегерлерінің оқу үлгерімі де назардан тыс қалған жоқ. Алайда Асқар Хикметов оқу үлгерімі бойынша көштен қалған студенттер қауымына да талдау жасай келе, студент білімінің деңгейі оқытушының шама-шарқын аңғартатынын да еске салды. Ректор Галым Мұтанұлы: «Студенттің де, оқытушының да мүддесі бір болуы керек. Ол – сапалы білім. Енгізілген ішкі бақылау оқу сапасын жақсартуды мақсат етті. Алайда маңыздысы – сырт көз. Ол, біріншіден, жұмыс берушілердің бағасы, екіншіден, қоғамның пікірі. Сондықтан оқу сапасын үнемі арттыру – міндет», – деп студент білімінің сапалы болуы оқытушы дәрісіне тікелей байланыстылығын баса айтты. Осылайша, студентті бағалауға бақылауды күшейту арқылы оқытушы дәрісінің сапасы да сынға түспек.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

ОБЕСНИЦА  
КАЗНУ



“ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ”



6-бет

ҚАЗҰУ-ДЫ  
ЖЫРЛАЙМЫН!



7-бет

**МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫНА  
СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТКІЗІЛДІ**

ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының кәсіби бағдар беру қызметі ғылыми негізделген жүйе түрінде жоспарлы іс-шараларды жүзеге асыруда. Кәсіби бағдар беру қызметінің тиімді тәсілдерінің бірі – мектеп мұғалімдеріне арналған семинар-тренингтер өткізу. Осы орайда, 9 қаңтарда ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы жалпы және этникалық педагогика кафедрасымен бірлесе отырып, Алматы қаласының, облысының (Талдықорған қаласы, Іле ауданы) жалпы білім беретін мектептері мен гимназия мұғалімдеріне (29-мектеп-гимназия), балалар үйінің қызметкерлеріне (№ 2 балалар үйі) «Оқытудың және тәрбие берудің инновациялық әдіс-тәсілдері» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. 50-ге жуық семинар қатысушылары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім беру нарығындағы орнықты позициясымен, білім берудегі инновациялық тәжірибесімен танысты.

Семинарда тренерлер п.ғ.д., профессор А.К. Мыңбаева, п.ғ.к., доцент З.М. Сад-вакасова, п.ғ.к., доцент У.Б. Төлешова педагогикалық ғылымдағы қазіргі өзгерістер, білім беру модельдері, жеке тұлғалық әдістер туралы ақпарат беріп, оқушыларды тәрбиелеудегі, бағалаудағы жаңашыл бағыттарға, әдіс-тәсілдерге теориялық және тәжірибелік тұрғыдан машықтандырды. Инновациялық оқытудың принциптері, тәрбиелеудің жаңа құралдары туралы мол мағлұмат алған мектеп ұстаздары семинар-тренингте алған білімдерін тәжірибеде қолданатындықтарын жеткізіп, семинар жұмысына ризашылықтарын білдірді. Мұндай тренингтер мектеп мұғалімдері үшін өте пайдалы болғандықтан жиі ұйымдастырылса деген тілектерін айтты. Семинар соңында қатысушыларға сертификаттар берілді.

**Назгүл ШЫҒЫСОВА,**

ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі

**ШӘКІРТАҚЫ АЛАМЫЗ**

Біз, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің және ЭЖБЖМ-нің 1 курс магистранттары Болатбек Милана және Айгерім Құдайбергенова "Samsung" компаниясы ұсынған грант иегерлері атандық.

Бірінші кезеңге қатысқан шамамен жүз магистранттың ішінен сегізі екінші айналымға өтті. Екінші турға өткен магистранттар "Samsung" компаниясының офисіне екінші кезеңге өз бақтарын сынауға келді. Ғимараттың ішіндегі қызметкерлердің сыпайылығы, ізеттілігі, ол жердегі бөлімшелердің соңғы заманауи технология құралдарымен жабдықталғандығы менің бойымда "Samsung" компаниясында қызмет етсем деген арманды оятты. Сұхбат алу барысында ағылшын тілінде сұрақтар қойылды. Бұл компания тек электроника құралдарын шығарып қана қоймай, сонымен қатар әлем бойынша түрлі қайырымдылық шараларын өткізетін де компания болып табылады. Соның бір дәлелі – жоғарыда аталған стипендия.

"Samsung" ұсынған грант иегерлері транспорттық шығынға және тұрғын үйге қатысты шығынға бөлінген қаражатты қысқы демалыс айында Нью-Йорк қаласында орналасқан Колумбия университетіне ғылыми-тәжірибелік іссапарға жұмсамақпыз. Колумбия университетіне шақыртуды Г.Ж. Ибраева және Р. Абазов басқаратын MDP/GC сыныбына қатысу арқылы алдық. "Samsung" стипендиясы үшін аталған екі профессорға айтар алғысымыз зор. Сөз соңында компания басшылығына, қызметкерлеріне аталған стипендияға жүздеген үміткердің ішінен дәл бізді таңдағандарына зор алғысымызды білдіреміз!

**ӘЛ-ФАРАБИ - ӘЛЕМДІК ТҰЛҒА**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына орай «Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті, арабтану, ирантану және әл-Фараби орталығының ұйымдастыруымен өткен шараға отандық ғалымдармен қатар Араб елдері, Түркия, Германия, Нидерланды, Иран, Өзбекстан, Қырғызстан ғалымдары қатысты.**

Конференция қазақ халқының мәдени мұра тарихының маңызды үрдісінің ғана емес, сондай-ақ әлемдік аумақтағы мәдени диалог пен коммуникацияның ең көрнекті көрсеткіші болып табылатын Әл-Фараби шығармашылығының рухани-интеллектуалды мұра тұрғысында бағасын арттыру, айқындау және дәріптеуді мақсат еткен. Осы орайда, данышпан бабамыздың ғылыми мұраларын ғана емес, әл-Фараби текті отырарлық ойшылдарды зерттеп жүрген белгілі ғалым Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Әбсаттар Дербісәлі өз ойымен бөлісті: «Еліміздің басты оқу орны ҚазҰУ Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ойшыл бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби атында. Әл-Фараби – әлемдік тұлға. Ол Сырдарияның Арысқа құяр тұсындағы Фараб қаласында дүниеге келген біздің жерлесіміз, бабамыз, алайда ол – барша ислам әлеміне ортақ. Әл-Фараби – энциклопедист ғалым. Ол IX-X ғасырдың өзінде музыка теориясын жазған. Химия, математика, әдебиет, тіл, лингвистика тағы басқа ғылымның бар саласын зерттеген трактаттары – баға жетпес қазына. Оларды зерттеу, табу әрі таныту – жас ұрпаққа міндет», – деген ғалым Отырардан шыққан 30 ойшылдың өмірлеріне тоқталып, қызық әрі құнды мәліметтер айтты.

Әл-Фараби атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы профессор Жақыпбек Алтаев: «Орта ғасыр кезеңінде, әсіресе әл-Фараби өзінің философиялық

жүйелі ойларымен, ғылым тарихында, логика, музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты өзінің жарқын ойларын таныта отырып, әлемдік ғылымда өзіндік ізін қалдырды. Оның ойлары ибн Сина және ибн Рушд сияқты кейінгі философиялармен жалғастырылып, Спиноза философиясына және ол арқылы француз философиясына айтарлықтай өз ықпалын тигізді. Демек, әл-Фараби философиясы тек Орта және Таяу Шығыстағы әлеуметтік-философиялық идеялардың дамуына әсер етіп қоймай, Батыс Еуропаға да өз ықпалын тигізді деп айта аламыз», – деп пікір білдірді өз баяндамасында. Әл-Фараби мұрасын саралау, оның әлем ғылымы мен өркениетіне тигізген ықпалын анықтау төңірегінде келелі пікір айтып, ой бөліскен ғалымдар мәжілісі секция жұмыстарына ұласты. «Әл-Фараби және заманауи философиялық мәселелер», «Әл-Фарабидің әлемдік өркениетке ықпалы: тарих және қазіргі заман», «Әл-Фараби мұрасын зерттеудегі тіл, әдебиет және аудармашылық іс-әрекет» атты секцияларда есімі әлемге мәшһүр Әбу Насыр әл-Фарабидің дүниежүзі халықтарының мәдениеті мен ғылымына тигізген ықпалын, оның рухани мұраларын тереңнен зерделеу сынды өзекті мәселелер талқыланды. Әлем ғалымдарының сусындар көзсәр бұлағына айналған ұлы бабамыздың трактаттары дәстүрлі конференцияда кеңінен қаралып, тағы да бір ұлықталды.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

**«ҚЫЗМЕТТІК ЭТИКА»**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әрқашан тың серпінді жобаларымен көпшілікті елең еткізіп келеді. Ұжымдық рухы мен мәдениеті тек университеттік қауымдастықтың ғана емес, жалпы қоғамның қозғаушы күшіне айналып отыр. Соның бірі – 2014 жылғы 8-10 қаңтар аралығында әкімшілік департаменті, тәрбие жұмысы жөніндегі департамент және философия және саясаттану факультетінің ұйымдастыруымен өткізілген «Қызметтік этика» туралы семинар-тренинг.**

Бұл шараның ерекшелігі бүгінгі таңда әлемге танылып үлгерген университеттің өзіндік бет-бейнесін анықтап, оның ұжымының мызғымас қағидаларын одан әрі жетілдіру болып табылады. Семинарға университеттің барлық факультеттерінің көмекші қызметкерлері және ректорат қызметкерлері қатысты. Семинар-тренингте философия және саясаттану факультетінің деканы профессор Әлия Масалимова жүргізді. Семинар барысында университет миссиясы, әлеуметтік әріптестік қағидалары мен «Al-Farabi university smart city» жобасының негізгі ұстанымдары сөз болды. Сондай-ақ тәжірибелік тұрғыда телефонмен сөйлесу, киім кию, өзара қызметтік қарым-қатынас ережелері және т.с.с. мәселелер талқыланды. Қызметтік ақпаратты дұрыс пайдалану мен оны тиісті орындарға жеткізе білу туралы ойын түріндегі талдаулар жасалды. Аталған іс-шара бұл бағыптағы көлемді шаралардың алғашқы сынақ түрі. Сондықтан оны одан әрі жетілдіре түсу болашақта қолға алынатын жұмыстардың бірі болмақ.

**Айнұр БЕЙСЕҒҰЛОВА,**

тарих, археология және этнология факультеті маманы:

10 қаңтар күні өткізілген «Ұжымдық этикаға» байланысты семинар-тренинг өте маңызды шара болды деп есептеймін. Негізі этика – әдет, мінез-құлықпен қатар моральды зерттейтін философия ғылымының ежелден келе жатқан бір саласы. Семинар-тренинг барысында қазіргі заман талаптарына сай, заманауи үлгіде жоғары тұлғалық деңгей көрсету, әсіресе жүріп-тұру, киім кию, телефонмен сөйлесу мәнері тағы да басқа этикет нормалары сөз болды. Бұның өзі ұжымдағы тәртіпті нақтылап, университетіміздегі қызметкерлердің мәдениетін жоғары деңгейдегі көрсеткіштерде көрсетудің бір сатысы деп есептеймін. Сондықтан мұндай шаралар «Al-Farabi university smart city» жобасы аясында ғылыми, білім беру, әлеуметтік мәселелерді шешу ғана емес, заманауи университеттер жоғары рухани-адамгершілік деңгейде және өнегелі даму жолында бастауды да қолға алады деп сенемін.

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ**

**КҮНТІЗБЕЛІК**

**ТАРИХ  
БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ**

*Құрметті әріптестер!*

Баршамыз бірге қасиетті қара шаңырағымыздың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында білім ордасының тәлімді тарихына үңіліп, өнегелі өркендеу кезеңдеріне шолу жасайық. Күнтізбе беттеріндегі белгілі тарихи деректер мен құжаттар, қаулылар мен бұйрықтар, маңызды даталарға мән беріп, уақыттың тізбегінен өткізейік.

Әр деректің артында университеттің белді белестері мен қызметі, оқытушылары, қызметкерлерінің ерен еңбектері және студенттері мен жас ғалымдарының жетістіктері тұр. Олардың жалынды жігер-қайраттары, таусылмас талпыныстары мен тапқырлықтары, шығармашылық жеңістерінің барлығы осы ғылым мен білім ордасының тұғырлы тағдырының қалыптасуына әсерін тигізді. Университет тарихының негізгі белестері Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеп, әлем таныған Тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылу кезеңдерімен сәйкес келді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жаңа заман талабына сай зияткер ұлт тәрбиелеп қана қоймай, еліміздің бүкіл саяси, мәдени, әлеуметтік және экономикалық күш-қуатының нығаюы жолында талмай еңбек атқаратын зор құрылымдық ұжым.

**1-кезең –  
университеттің қалыптасуы**

**1933 жыл**

20 қазанда КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстан үшін мамандар даярлау және Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы» № 2293 Қаулысы қабылданды.

9 желтоқсанда БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы қаулы қабылдады.

**1934 жыл**

15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университетінің ресми ашылу салтанаты болды. ҚазМУ-дың ішкі № 8 бұйрығымен алғашқы екі факультет: биология және физика-математика факультеттері ашылды. Бұрынғы Верненск ерлер гимназиясының ғимаратында 19 қаңтарда осы екі факультеттің 54 студенті алғашқы дәріске қатысты. Білім беру және ғылыми жұмыстарды 25 оқытушы жүргізді, олардың арасында 5 профессор мен 10 доцент бар еді. Москва университетінің оқытушылары профессор И.Д.Молюков, Д.В.Сокольский, Қазан университетінің профессоры К.П. Персидский Алматыға тұрақты қызметке келді.

23 қаңтарда зоология, ботаника, физика, математика, химия және политекономика кафедралары құрылды. Биология факультетінің алғашқы деканы профессор П.П. Мищенко болса, химия факультетінің деканы профессор В.П. Мазуренко болды.

Қаңтарда университеттің ғылыми кітапханасы шаңырақ көтерді. Оның қорында 6 мың кітап болды.

1 қыркүйекте химия факультеті ашылды.

1 қыркүйек күні жалпы және бейорганикалық химия кафедралары құрылды.

2 желтоқсанда ҚазКСР Үкіметінің қаулысымен университетімізге С.М.Киров есімі берілді.

Университет ректоры болып, Қазақстанның белгілі қоғам қайраткері, педагог, Халық Ағарту Комиссарының орынбасары Ф.Т. Оликов пен оның орынбасары болып Д.В. Кузнецов тағайындалды.

**Жалғасы 3-бетте**

■ ЛЕБІЗ

**Уахит ШАЛЕКЕНОВ,**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымын 80 жылға толу мерекесімен университеттің ақсақалы ретінде құттықтаймын! Бұл университет алғаш ұйымдастырылған жоғары оқу орнының бірі болатын. Құрылғаннан соң көп жыл өтпей-ақ оқу орны еліміздегі жастарды тәрбиелейтін басты білім, ғылым орталығына айналды. Сондықтан халқымыз оны қазақ білімінің қара шаңырағы деп атаған. Білікті университет түлектері қоғамның түрлі саласында ел дамуына жемісті еңбек етіп келеді. Олар егемен еліміздің атын әлемге паш етуде. Бүгінде университет «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыруда қажырлы еңбек етіп, білімді, талантты жастарды тәрбиелеуге өз үлесін қосып келеді.



**Сұлтан САРТАЕВ,**  
заң ғылымдарының докторы, профессор, академик,  
БҰҰ Құрмет белгісі орденінің иегері:

Университет ұжымын және студенттерін 80 жылға толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймын!

ҚазҰУ – республикамыздағы оқу орындарының ішіндегі ең танымалы, қаншама буынды терең білім нәрімен сусындатқан қара шаңырақ. Бұл көлеміне қатысты емес, білікті оқытушы-профессорлар қауымына байланысты туындаған сөз. Ол ғылымның түрлі саласынан сан мыңдаған шәкірт тәрбиеледі. Еліміздің қай бұрышына барсақ та, ҚазҰУ түлектерін кездестіреміз. Олар туған университетін зор мақтанышпен еске алады. ҚазҰУ-дың берген білімін, тәрбиесін ризашылықпен айтады. Бүгінде олар еліміздің өркендеуіне қызмет етуде.



Университетте бүгінгі күні де Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жастар білім алуда. Олардың арманы – университет атына кір келтірмей, жақсы маман болып, елге оралу. Ал оқытушылардың мақсаты – жастарды мамандыққа дайындау. Бұл өте дұрыс пікір. Себебі жастарға дәріс беруден қымбат ештеңе жоқ. Бүгінгі жастарға айтарым – өз мамандығыңнан бөлек көркем әдебиетті оқу керек. Әрине, алдымен, қазақ әдебиетін, шама келсе дүниежүзінің белгілі әдебиеттерін оқу керек.

**Майя ШЫҒАЕВА,**  
биология ғылымдарының докторы, профессор, академик:

1934 жылы негізі қаланған университеттің екі факультетінің бірі биология екені белгілі. Мен биология факультетінде 1972 жылы ашылған микробиология кафедрасының алғашқы меңгерушісімін. Мұндай кафедра Мәскеу мен Петербургте ғана болатын. Дәл осы кезеңнен бастап менің өмірім ҚазМУ-мен біте қайнасып кетті. Студенттерге тәлім-тәрбие бере жүріп, үнемі ғылыми тәжірибемді ұштап отырдым. Себебі университетте оқу ғана емес, студенттер мен ғалымдардың ғылыммен айналысуына да кеңінен жол ашық.



Еліміздегі айтулы оқу орнында еңбек еткен жемісті жылдардың мен үшін орны ерекше. Бүгінде даңқты шәкірттеріммен мақтанамын. Ұжымыммен әлі күнге тығыз байланыстамын. Барша ҚазҰУ ұжымын 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Еңбектеріңізге табыс тілеймін!



## РОВЕСНИЦА КАЗНУ

*В январе этого года выпускнице геолого-географического факультета Розе Утекешевой, так же, как и нашему университету, исполняется 80 лет со дня рождения.*

лекции по проблемам и вопросам экономической, социальной и политической географии зарубежных стран и туризму навсегда снискали уважение студентов и коллектива.

Р. Утекешевой подготовлены и изданы шесть методических пособий. Опубликовано 15 статей в научных сборниках и материалах научно-методических конференций по вопросам географии. Принимала участие в разработке тестовых заданий по географии в Республиканском центре тестирования.

В своей общественной деятельности в разные годы она занимала такие должности, как: заместитель секретаря парткома, председатель профсоюзной организации, председатель парткомиссии парткома университета. С 1976 по 1985 годы в течение пяти созывов она избиралась депутатом Советского района. Была внештатным членом горкомапартии в 1978-1985 годы.

Она является участником трудового фронта и почетным ветераном университета.

За образцовую работу Р. Утекешева была награждена многими почетными грамотами университета, минвуза КазССР, почетной грамотой Верховного Совета Республики,

четырьмя медалями (Юбилейный, Ветеран труда, к 60- и 65-летию победы в Великой Отечественной войне), знаком «За отличные успехи в области высшего образования» Минвуза СССР.

В 1981 году решением ЦК профсоюза работников высших школ и научных учреждений ВЦСПС г.Москвы была поощрена поездкой в составе профсоюзной делегации СССР на 13-ю Японо-Советскую встречу «За мир и дружбу между народами Японии и СССР», а также поездкой в Японию в составе советской профсоюзной делегации от ЦК профсоюза работников высшей школы и научных учреждений г.Москвы. Руководила туристической группой в Болгарию и Румынию.

Мы выражаем Розе Карасаевне – ровеснице КазНУ – свои самые искренние пожелания в связи с юбилеем, желаем ей крепкого здоровья и благополучия во всем!

**А.М. АРТЕМЬЕВ,**  
заведующий кафедрой  
рекреационной географии и  
туризма,

**М.И. ЖИЛКИБАЕВА,**  
старший преподаватель кафедры  
рекреационной географии и туризма

■ КҮНТІЗБЕЛІК

Жалғасы. Басы 2-бетте

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

**1935 жыл**

Наурыз айында оқу корпусы және студенттер қалашығының алғашқы құрылысы басталды. Ол құрылыс Виноградов–Мичурин–Калинин–Космонавтов және Масанчи–Виноградов–Космонавтов–Комсомол көшелерінің қиылысын алып жатты.

Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) аспирантурасын бітіргеннен кейін А.Б. Бектұров Қазақ мемлекеттік университетіне келді.

1 қыркүйекте омыртқалылар зоологиясы, омыртқасыздар зоологиясы, тіл және әдебиет, әскери ісі және денешынықтыру, механика кафедралары құрылды.

**1936 жыл**

Университеттің алғашқы баспа өнімі «ҚазМУ бюллетені» жарық көрді.

1 қыркүйекте өсімдіктер физиологиясы, аналитикалық химия, жалпы химия, физикалық химия, органикалық химия кафедралары құрылды.

Қазан айында зоологиялық мұражай ашылды.

Қазақ мемлекеттік университетінде сырттай оқу бөлімі ашылды.

**1937 жыл**

«ҚазМУ-дың ғылыми хаттары» («Ученые записки КазГУ») басылып шықты.

15 наурызда физикалық анализ зертханасы ұйымдастырылды.

27 тамызда физикалық және коллоидтық химия кафедрасы құрылды.

1 қыркүйекте филология факультеті ашылды.

**1938 жыл**

1 қыркүйекте орыс тілі және әдебиеті, тарих, эксперименталды физика, теориялық физика кафедралары құрылды.

1 қыркүйекте астрономиялық кабинет ашылды.

2 қыркүйекте жоғары алгебра және математикалық анализ кафедралары құрылды.

19 қыркүйекте университеттің аспирантурасы ашылды. Физика, математика, химия, биология мамандықтары бойынша 16 және орыс тілі мен әдебиеті саласы бойынша 5, барлығы 21 аспирант қабылданды. Олардың арасында алғашқы аспиранттар ҚР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, химия ғылымдарының докторы А.Ш. Шарифжанов, химия ғылымдарының докторы М.Ф. Авазбакиева, ҚР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, биология ғылымдарының докторы, профессор Т.М. Мәсенов, биология ғылымдарының докторы, доцент С.И. Ибрашева, химия ғылымдарының докторы Е.С. Кузелева болды.

**1939 жыл**

Биология, химия, физика және математика факультеттерінің алғашқы түлектері қанат қақты.

Ф.Т. Оликовтың басшылық етуімен университеттің 5 жылдық мерейтойына арналған I университеттік ғылыми конференция өтті.

Университет ректоры болып доцент И.К. Лукьянец тағайындалды.

1 қыркүйекте жоғары геометрия кафедрасы құрылды.

Жалғасы бар...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы

17-18 января в КазНУ состоится 44-я научно-методическая конференция «Компетентностно-ориентированная система оценки знаний»

Продолжение. Начало на 1 стр.

**Галым МУТАНОВ, ректор Казахского национального университета имени аль-Фараби:**

# ФОРПОСТ ОБРАЗОВАНИЯ И



Справедливо будет отметить, что в период руководства известного ученого и незаурядного руководителя У. Джолдасбекова было осуществлено строительство первой очереди уникального учебно-научного и жилого комплекса «КазГУград», который сегодня не уступает по масштабам кампусам ведущих университетов мира.

На рубеже 80-90-х годов грянули коренные исторические преобразования. Это было время сложных политических и социально-экономических процессов, которые в итоге привели к обретению Казахстаном суверенитета, созданию новой государственности, современной экономики и социальной сферы. Университету предстояло открыть совершенно новую страницу истории, обрести новое имя, по-прежнему, но в иных условиях оставаясь флагманом высшего образования, – теперь уже независимой, суверенной Республики Казахстан. Главным фактором здесь являлось становление Казахстана как равноправного члена мирового сообщества, и в этих условиях выбор мог быть только одним – последовательное продвижение в мировую образовательную систему, переход на международные стандарты подготовки специалистов. С 1991 года КазНУ стал носить имя великого мыслителя Абу Насра ибн аль-Фараби. В 1993 году университет обрел статус автономного государственного вуза, а затем Указом Президента РК КазНУ первым из вузов Казахстана получил особый статус национального университета. Были сделаны первые шаги по внедрению международных требований подготовки кадров и созданию новой научно-инновационной инфраструктуры – переход к двухступенчатой системе подготовки «бакалавриат-магистратура» и создание в составе университета сети НИИ и технологического парка. Необходимо отдать должное ректорам вуза – видным отечественным деятелям образования и науки Меирхану Абдильдину и Купжасару Нарibaеву, внесшим огромный вклад в развитие университета.

В сентябре 2003 года в городе Болонья (Италия) КазНУ подписал Великую Хартию

университетов и тем самым первым среди вузов Казахстана и государств Центральной Азии вошел в европейское образовательное пространство. В 2006 году КазНУ стал первым в истории государства вузом – лауреатом премии Президента Республики Казахстан за достижения в области качества. Это высочайшая оценка вклада в подготовку кадров и развитие всей системы высшего образования страны. Продолжилось расширение масштабов деятельности научных школ и направлений, проведена международная сертификация ряда программ естественнонаучных специальностей, впервые в истории высшего образования Казахстана КазНУ вошел в мировые рейтинги. При огромной поддержке Главы государства было начато строительство второй очереди КазГУграда, сданы в эксплуатацию новые учебные корпуса. В реализации этих мер неocenim вклад академиков Толегена Кожамкулова и Бакытжана Жумагулова, возглавлявших университет в тот период. Выступая в КазНУ с актовой лекцией в октябре 2009 года, Нурсултан Абишевич назвал наш университет «форпостом образования и науки нового Казахстана». В этом заслуга всех поколений ректоров и профессорско-преподавательского состава вуза, приложивших немалые усилия к решению тех задач, которые ставило время, а также выпускников, прославляющих альма-матер созидательным трудом.

Современный этап развития КазНУ связан с принципиально новыми задачами, поставленными Президентом РК – Лидером нации в Стратегическом плане развития Казахстана до 2020 года и Стратегии «Казахстан-2050». Как отметил Глава государства, подготовка квалифицированных кадров должна быть связана с инновационно-индустриальным развитием страны. Качество высшего образования должно отвечать самым высоким международным требованиям, а вузы страны должны стремиться войти в рейтинги ведущих университетов мира. Как ведущий вуз страны КазНУ включился в решение поставленной Президентом задачи и приступил к реализации новой масштабной программы по

трансформации из классического университета в современный исследовательский университет мирового уровня. В 2011 году была проведена комплексная структурная модернизация вуза, на основе кластерного подхода были сформированы факультеты и укрупнены кафедры. Активно внедряется система управления, ориентированного на результат, создаются необходимые условия для развития науки, инноваций и образования, укрепляется материальная и научно-лабораторная база. КазНУ им. аль-Фараби стал базой для создания и внедрения экспериментальных образовательных программ, соответствующих высоким международным стандартам и сопоставимых с учебно-образовательными программами ведущих вузов мира. Процесс подготовки специалистов стал строиться на основе компетентностного подхода, междисциплинарного и проблемно-ориентированного обучения. Приближение к требованиям, принятым в мировой образовательной системе, позволило получить образовательным программам международную аккредитацию ведущих зарубежных агентств AQUIN и ASIN. Важным шагом к международному признанию стала реализация двудипломных программ образования. В настоящее время диплом КазНУ по целому ряду специальностей приравнен дипломам таких престижных вузов, как университет Лотарингии, Страсбургская школа менеджмента, Валенсийский политехнический, Ланчжоуский, и другие зарубежные университеты. Ежегодно осуществляется набор в магистратуру международных сетевых вузов – университетов ШОС и СНГ. Активно развивается академическая мобильность студентов, в рамках которой на учебу в ведущие мировые вузы выезжают не только магистранты, докторанты, но и студенты бакалавриата. Только за последние три года в зарубежных вузах прошли учебную стажировку 3,5 тыс. студентов университета.

КазНУ, как и современные мировые исследовательские университеты, следует важному принципу Вильгельма

фон Гумбольдта: «Обучая – исследуй, исследуя – обучай». Здесь функционирует, не имеющая аналогов в других вузах страны, уникальная научно-инновационная инфраструктура. Создан мощнейший научно-технологический парк, функционируют более 30 научно-исследовательских институтов и центров, которые выполняют львиную долю научно-исследовательских проектов, осуществляющихся в РК. По оценкам экспертов высшего ранга Европейского союза и результатам международной экспертизы, КазНУ является бесспорным лидером среди вузов Казахстана по научно-технологическому и инновационному потенциалу. За последние два года объем финансирования научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок в КазНУ вырос в 3,8 раза и сегодня составляет 4,5 млрд. тенге. Индекс цитирования ученых вышел на европейские показатели: импакт-фактор свыше 20 – уже не редкость. Об особом международном признании научного потенциала университета свидетельствует создание в КазНУ учебно-научных центров и лабораторий всемирно известных компаний «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica minolta», «Microsoft». Открытие центров и лабораторий подобного рода придаст мощный импульс дальнейшему внедрению в учебные программы новейших технологий обучения, кооперации науки и бизнеса на мировом уровне.

Разработана интегративная система учебно-исследовательской и научно-исследовательской работы студентов, темы выпускных и магистерских работ синхронизированы с конкретными темами и проектами научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок. Мощным стимулом для активизации научной работы студентов является выделение 10 процентов от суммы грантовых средств на поддержку студенческой науки. Все нацелено на то, чтобы выпускники, выходя дипломированными специалистами, не искали работу, а сами становились создателями новых рабочих мест путем открытия малых инновационных предприятий. Для этого в университете активно действует студенческий бизнес-инкубатор, реализуются студенческие стартапы. Так, студенты КазНУ в рамках международного консорциума «UNIFORM Project» совместно с Токийским университетом приступили к реализации уникального проекта по созданию первого казахстанского наноспутника. Эта разработка наряду с другими проектами будет представлена на выставке «ЭКСПО-2017».

Предметом особой гордости КазНУ служит высокая оценка работодателями профессиональной компетентности выпускников. Их востребованность и успешность являются ключевыми показателями деятельности университета. Выпускники КазНУ играют ведущую роль на производстве, в науке, бизнесе и других сферах деятельности. Многие из них вовлечены в работу Ассоциации выпускников, которая сегодня на основе принципа социального партнерства принимает участие в развитии университета.

Глобализация и открытость миру активно вовлекают нас в процессы международной интеграции. КазНУ им. аль-Фараби все больше ценят и узнают в мире. О высоком международном признании свидетельствует тот факт, что КазНУ единственный в Центральной Азии включен в состав Международной ассоциации вузов и единственный из вузов Казахстана принят в глобальную

# НАУКИ НОВОГО КАЗАХСТАНА

программу ООН «Академическое влияние». КазНУ стал единственным из вузов стран СНГ, который в 2012 году открыл секцию на Глобальном саммите ООН по устойчивому развитию «Рио+20» в поддержку энергоэкологической стратегии и инициативы «Зеленый мост» Президента РК Нурсултана Назарбаева.

Большое значение придается и решению социальных вопросов. За последние два года создано 270 новых рабочих мест, 127 сотрудников и преподавателей университета получили ключи от новых квартир в жилом комплексе «Акцент». Ежегодно на поддержку талантливых студентов привлекается свыше 30 млн. тенге в виде именных и спонсорских стипендий. Благодаря внедрению кодекса корпоративной культуры улучшен морально-психологический климат в коллективе. Успешно развивается институт кураторов, в рамках которого опытные преподаватели осуществляют педагогическое наставничество над студенческими группами. Активно внедряются клубные формы работы со студентами, получившие широкое распространение в лучших университетах мира. КазНУ является бесспорным лидером в студенческом спорте, завоевывая на протяжении трех сезонов подряд титул победителя летних универсиад среди вузов РК. Впервые в истории университета 11 студентов-спортсменов КазНУ приняли участие в Олимпийских играх в Лондоне, а студентка Светлана Подобедова стала Олимпийской чемпионкой по тяжелой атлетике. Формированию высокой духовно-нравственной среды способствуют такие широкомасштабные инновационные социальные проекты, как «Айналанды нұрландыр!», «Культ здорового и красивого тела», «100 кітап», «КазНУ - Гринкампус». Все это позволило сформировать мощную духовно-нравственную и интеллектуальную платформу, которая стала основой «точки роста» нового мировоззрения преподавателей и студентов.

Об интенсивном развитии университета свидетельствует строительство новых инфраструктурных объектов. Открыла двери новая научная библиотека аль-Фараби, не имеющая аналогов в Центральной Азии. В ближайшее время будет презентован молодежный ресурсный центр «Керемет». Здесь на основе качественно нового подхода по принципу «одного окна» студенты смогут получить все необходимые им услуги. Построено новое комфортабельное общежитие на 500 мест, начато строительство Дома молодых ученых для магистрантов и докторантов, современного плавательного бассейна. В текущем году будет введен в эксплуатацию медицинский диагностический центр, который обеспечит оказание услуг по мировым стандартам качества. На основе мирового опыта создаются два крупных кластера – инновационный и биомедицинский, призванные поднять университет на мировой уровень. Для этого на принципах государственно-частного партнерства привлекаются инвестиции ведущих компаний Южной Кореи, Гонконга и Сингапура на сумму более 500 млн. долларов США.

Инновации, внедренные за последние годы в систему менеджмента, учебно-воспитательный процесс и научные исследования, сделали возможным прорыв в мировом рейтинге. В 2013 году университет впервые среди вузов Центральной Азии и Казахстана вошел в топ-300 лучших университетов мира международного рейтинга QS



World Universiti Rankings, заняв 299-е место среди 800 самых успешных всемирно признанных вузов. В эту группу вошли только три вуза из стран СНГ – МГУ им. Ломоносова, Санкт-Петербургский университет и КазНУ им. аль-Фараби. Феноменальный успех КазНУ вызвал большой резонанс, по рекомендации международного агентства QS в университет за опытом обращаются крупнейшие вузы стран СНГ и дальнего зарубежья.

В Стратегии «Казахстан-2050» Президент уделяет огромное внимание вопросам создания экономики, основанной на знаниях. Ключевую роль в данном процессе призваны сыграть университеты, которые должны занять свою интеллектуальную нишу в создании тройной спирали инновационной системы страны «университеты-бизнес-государство». В своей многогранной деятельности КазНУ им. аль-Фараби ориентируется на международный опыт ведущих университетов мира, которые являются главным ресурсом экономики, основанной на знаниях, а также уникальную модель Назарбаев Университета, призванного оказать системообразующее влияние на развитие нашего государства. Коллектив КазНУ, став активным субъектом модернизации, готов принять ответственность, связанную с присвоением статуса национального исследовательского университета и предоставлением КазНУ автономии. Это не только позволит университету

быть самостоятельным участником экономических отношений, но и значительно повысит международную конкурентоспособность, так как КазНУ получит возможность работать в условиях, приближенных к зарубежным стандартам.

Огромное значение имеет решение о реализации с 2014 года на базе КазНУ третьего этапа развития Парка инновационных технологий «Алатау». В качестве основного результата создания данного инновационного кластера ожидается внедрение наиболее перспективных разработок ученых и научных организаций в производство, формирование инновационного пояса малых высоко технологичных предприятий. Основанный на принципах научного самоуправления и экономической самодостаточности, новый кластер создаст уникальную «точку роста» экономики, основанной на знаниях. Большие перспективы в деятельности университета открываются и в связи с недавно принятым решением ЮНЕСКО о создании на базе КазНУ хаба Центрально-Азиатского региона по устойчивому развитию. Реализация проекта регионального хаба ЮНЕСКО позволит университету стать лидером в Центральной Азии по данному направлению.

В целях создания университета новой формации в КазНУ в этом году дан старт уникальному научно-инновационному проекту «Al-Farabi university smart city». В основе новой модели лежит учение великого мыслителя аль-Фараби об

идеальном городе. В своих трактатах Аль-Фараби попытался представить справедливое и гуманное общество, которое назвал добродетельным городом. Важнейшим его признаком выступает опора на универсальные духовные ценности и сотрудничество в достижении наилучшей жизни. Отсюда параллель с современностью: в XXI веке состояние среды университетских городов определяется не только наличием инфраструктуры, финансовыми и материальными ресурсами. Современные университеты должны обладать высоким уровнем духовности и нравственного развития. Проект «Al-Farabi university smart city» предполагает создание университета нового поколения, где на основе синергизма технологических и духовно-нравственных концептов будут продемонстрированы современные подходы к решению научных, образовательных и социальных проблем. Smart-университеты – это основа Smart-городов нашей страны, которые в итоге создадут Smart-Казахстан. К 2020 году как минимум два вуза страны должны войти в топ-рейтинги лучших университетов мира. Проект «Al-Farabi university smart city» является методологической основой для реализации этой важной государственной задачи, поставленной Президентом страны.

Юбилейный год ознаменован для нашего университета важным событием мирового уровня. В мае этого года на базе КазНУ состоится III форум ректоров университетов Азии. Это является показателем высокого международного авторитета, эффективности менеджмента и правильности стратегического курса развития университета. Проведение данного форума, так же, как Евразийского форума по высшему образованию и других юбилейных мероприятий, станет новым витком в поступательном развитии университета, мощным импульсом к достижению новых вершин. Коллектив КазНУ им. аль-Фараби приложит все усилия для выполнения новых задач, поставленных «Стратегией-2050» и внесет свой вклад в осуществление планов по вхождению Казахстана в число 30-ти самых развитых стран мира.





*ҚазҰУ-ым!*

Биіктерді әрқашан,  
Бағындырған ҚазҰУ-ым!  
Жырақтасам сәл ғана,  
Сағындырған ҚазҰУ-ым!  
Талайларға арман боп  
Сағым қылған ҚазҰУ-ым!  
Талай жастың жүрегін  
Жалын қылған ҚазҰУ-ым!  
Білімімен сапалы  
Таң қалдырған ҚазҰУ-ым!  
Армандайды бір сені  
Сан балдырған ҚазҰУ-ым!  
Сезім қылын шерткізіп  
Ән салдырған ҚазҰУ-ым!  
Келбетіне көрікті  
Тамсандырған ҚазҰУ-ым!  
Жүрегіме нұр құйып  
Көзімді ашқан ҚазҰУ-ым!  
Жаза берсем сөз жетпес  
Өзің дастан ҚазҰУ-ым!  
Айтсам жырым көп екен,  
Арта берсін берекең,  
Құтты болсын ҚазҰУ-ым!  
80 жылдық мерекені!

**Бексұлтан БАРАТ,**  
журналистика факультетінің  
3 курс студенті

*Құттықтаймын,  
ҚазҰУ, сені...*

ҚазҰУ-ым – мақтанышым,  
Білімді ұрпақ ақ таңысың.  
Үйретумен жас маманды,  
Жанға тағат таппадың шын.

Өнерпазға халқым құмар,  
Ел ертеңін жарқын қылар.  
Осы ҚазҰУ түлектерін,  
Қия шыңға талпындырар.

Қия аларсың қай асылға,  
Өрге құлаш жаясың ба?!  
Он төрт бірдей факультеті,  
Сиып тұрған аясында.

Жүрек оты лапылдады,  
Түлектерін шақырғалы.  
ҚазҰУ деген осы, достар,  
Әл-Фараби атындағы.

Балғын көңіл асырды өлең,  
Көңілді оймен мүсіндеген.  
Құттықтаймын, ҚазҰУ, сені,  
Сексенінші жылыңменен!

**Айсұлу КЕҢЕСБАЙҚЫЗЫ,**  
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру  
факультетінің 3 курс студенті

*Ұлылардың ордасы*

Баптаған талай тұлпар шабар шалғай,  
Келетін топты жарып бірі қалмай.  
Дәреже, абыройды асқақтатар,  
Әлі талай бағынар биік алда-ай.

Ордасында ұлттық қазақ халқымың,  
Еңбек етіп, талай терді сарқыл кім?!  
80 жылда сансыз сәуле таратып,  
Таныс болды барша әлеммен салтым мың!

Ұрпағына білім нәрін дарытқан,  
Ата бергей шығысымнан алып таң.  
Қожакеев, Амандосов ағалар,  
Тілшілердің тілектерін дамытқан.

Ғылым, білім бағыттарын нұсқайтын,  
Студент бар ізгі жолды ұстайтын.  
Болашақтың шетсіз, шексіз қиялын,  
Биіктерге жеткізеді құстай тым!

Алға, алға, тек биіктен көрінгей,  
Сәтті сапар маңдайға кеп ілінгей.  
Басып озып, бәсекелес барлығын,  
Шуақ шашқын көкті өрлеген күнімдей!

**Мәулен ӘНЕРБАЕВ,**  
журналистика факультетінің 3 курс студенті

*ҚазҰУ-ға  
аттанарда*

Артта қалған балғын шақтың бәрі аңыз,  
Соны ойласақ жадыраушы еді санамыз.  
Он бірінші сыныпты да аяқтап,  
Енді, міне, Алматыға барамыз.

Күйдіргенде тағдыр отына,  
Өткен күндер бастады ой тоқыла.  
Бала кезден құштар едік түсуге,  
Әл-Фараби атындағы оқуға.

Біз деген, жаны күйген сорлы ақын,  
Алатауға болмаған соң жол жақын.  
Үш күн зулап темір жолмен жеткенде,  
Құшақ жая қарсы ала ма, Алматым?!

Көз алдыма оралады әуелі,  
Тау етегі жеміс толған бау еді.  
Құлағымнан кетпей қойды-ау мазалап,  
Желмен ескен таныс қырдың әуені.

Ескі Алматы елестейді бұрынғы,  
Жырларыма шабыт берші ғұмырлы.  
Ақындардың құты болған Алатау,  
Құшақ жая қабылдай көр ұлынды.

**Оралбек ЫСҚАК,**  
тарих, археология және этнология  
факультетінің 3 курс студенті



Суретті түсіргендер  
**Мамыржан БОТАБЕКОВ, Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

